

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 наурыздағы N 299 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.10.11 № 161 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 7, 76-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы 21 наурыздағы
N 299 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ ДОКТРИНАСЫ

Астана, 2007 жыл

МАЗМҰНЫ

- 1 . К і р і с п е
2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-саяси негіздері
 - 2.1. Әскери-саяси жағдайды дамыту болжамы
 - 2.2. Қазақстанның әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты
 - 2.3. Мемлекеттің әскери ұйымы
3. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-стратегиялық негіздері
 - 3.1. Әскери жанжалдардың сипаты
 - 3.2. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану негіздері
 - 3.3. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық жасау
4. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әскери-экономикалық және әскери-техникалық негіздері
 - 4.1. Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің мақсаттары, принциптері, міндеттері мен бағыттары
 - 4.2. Экономиканы жұмылдыра даярлау
 - 4.3. Қазақстан Республикасының резервтер жүйесі
5. Қазақстан Республикасының халықаралық әскери ынтымақтастығы
 - 5.1. Халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық
 - 5.2. Қазақстан Республикасының коалициялық әскери құрылысқа қатысуы
 - 5.3. Бітімгершілік қызмет
6. Қорытынды

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы (бұдан әрі - Әскери доктрина) мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, соғыстар мен қарулы жанжалдарды (бұдан әрі - әскери жанжалдар) болдырмауға, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту мен қолдануға негіз қалаушы көзқарастар жүйесін білдіреді.

Әскери доктрина жоғары әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, күштер мен құралдарды жылдам өрістетуді жүзеге асыруға қабілетті, Қазақстанның мемлекеттігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайтуға кепіл беретін кәсіби армия құруды көздейді.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі әскери-саяси жағдайды кешенді бағалауға және оны дамытуды стратегиялық болжауға негізделеді.

Әскери доктринаны қабылдау үшін негіздеме қазақстандық қоғамды әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңарту, сондай-ақ олардың экономикалық және әскери әлеуетіне қарамастан, көптеген елдер үшін шиеленіскен әлеуметтік-саяси жанжалдармен және қайшылықтармен, халықаралық

тұрақсыздықпен, әлеуетті қатерлердің болуымен сипатталатын әскери-саяси жағдайдағы өзгерістер болып табылады.

Қазақстан Республикасы әскери күштің мәні барынша төмендетілген және оның функциялары әскери жанжалдарды тежеу міндетіне жақындастырылған осындай халықаралық қатынастар жүйесін құруды дәйекті түрде қолдайды. Алайда, болжамдарға қарамастан, ХХІ ғасырдың басында халықаралық қатынастардағы әскери күштің мәні азайған жоқ: ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік саласындағы бірқатар халықаралық саяси институттардың дағдарысы аясында саяси және экономикалық мүдделерді қамтамасыз етуде оның рөлі күшейе түсуде.

Әскери доктрина Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері, Мемлекет басшысы жарлықтарының талаптары, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар ескеріле отырып әзірленді.

Әскери доктринада Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін іске асыруға теріс ықпал ететін факторлар қарастырылады, ел қауіпсіздігіне ықтимал қыр көрсетулер мен қатерлер жіктеледі, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі әскери-саяси міндеттер тұжырымдалады, Қазақстан Республикасын қарулы қорғауды жүзеге асыру, Қазақстанға да, онымен достас мемлекеттерге де қатер төндіретін әскери жанжалдардың алдын алу жөніндегі Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар қызметінің мақсаттары, міндеттері, принциптері мен бағыттары ашылады.

Әскери доктринаның қорғаныстық сипаты бар, бұл оның ережелерінде бейбітшілікке дәйекті бейілділік танытудың республиканың ұлттық мүдделерін қорғаудың, әскери қауіпсіздігіне кепілдік берудің қатаң шешімімен мәнді үйлесуін алдын ала айқындайды. Әскери доктринада асимметриялық қатерлерге: халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, есірткі тасымалына, қаруды, оның ішінде жаппай қырып-жою қаруын заңсыз таратуға, заңсыз көші-қонға қарсы күрес ескеріле отырып, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту шарттары мен жаңа бағыттары нақтыланады.

Әскери доктринаның ережелерін іске асыру әскери басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, өзара байланысты саяси, дипломатиялық, экономикалық, әлеуметтік, ақпараттық, құқықтық, әскери және Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да шаралар кешенін жүргізу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-саяси негіздері

2.1. Әскери-саяси жағдайды дамыту болжамы

Еуропа мен Азияның сауда және көлік-коммуникациялық ағынының қиылысында тұрған Қазақстанның геосаяси жағдайы, елдің бай табиғи ресурстары халықаралық және өңірлік ынтымақтастықты дамыту саласында елеулі басымдықтар береді.

Сонымен бір уақытта табиғи ресурстарды бөлудің әркелкілігі, дамыған және дамушы елдер арасындағы ұлғайып келе жатқан алшақтық, экономикалық өктемдік, мемлекеттердің әлеуметтік-саяси құрылысына қағидаттардағы айырмашылықтар және жаһанданудың басқа да теріс аспектілері оларды шешу кезінде әскери және өзге де қуат құралдарының пайдаланылу мүмкіндігі мемлекетаралық қайшылықтарды шиеленістіруге ықпал етуі мүмкін.

Қазақстанның айналасындағы ахуал түбегейлі өзгерді. Өңірдегі жағдайды тұрақсыздандыратын және ұлттық қауіпсіздікке қатер туғызатын жаңа факторлар туындады, ол әскери қатерлердің тұрақты мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаппай қырып-жою қаруын таратудың өсіп келе жатқан қауіпі, трансұлттық терроризм мен діни экстремизм, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз айналымы, этникалық және демографиялық шиеленістің өсуі, табиғи ресурстардың, ең алдымен судың тапшылығы, жекелеген өңірлерде және тұтастай әлемде экологиялық жағдайдың нашарлауы орта мерзімді перспективада Қазақстанның қауіпсіздігіне, халықаралық және өңірлік тұрақтылыққа елеулі қатер төндіреді.

Ядролық қаруы бар мемлекеттер және "соғысқа бейім тұратын" деп аталатын елдер санының ұлғаюы белгілі бір дәрежеде қалыптасқан халықаралық қауіпсіздік жүйесін бұза отырып, әлемде күштерді орналастыруды түбегейлі өзгертеді. Бұл ықтимал қатерлерге қарсы іс-қимыл үшін принципті жаңа қағидаттар, оның ішінде негізгі ғаламдық күштер орталықтарымен бірлесіп тұжырымдауды талап етеді.

Ықпал ету объектілері маңызды экономикалық және әскери орталықтар, азаматтық халық, ұлттық рәміздер болуы мүмкін, ол тек жекелеген мемлекеттердегі ғана емес, сондай-ақ тұтастай өңірдегі жағдайды тұрақсыздандыруға әкеп соқтырады.

Сөйтіп, қазіргі заманғы геосаяси жағдай саяси тұрақсыздықпен, экономикалық, демографиялық және әлеуметтік сипаттағы қайшылықтармен сипатталады, өзімен бірге тұрақсыздандыру қатерін әкеледі.

Осы жағдайларда бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті, тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде мемлекеттің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы түйінді мақсаттар болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізуде басымдық саяси шараларға және алдын алу дипломатиясына беріледі. Сонымен қатар әскери-қорғаныстық құрауыштарға сұраныс сақталып отыр және, демек, Әскери доктринаның жаңа жағдайларға бейімделу проблемасы өзекті болып табылады.

Әскери-саяси жағдайды талдау Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлер мыналар болуы мүмкін деп болжайды:

с ы р т қ ы :

саяси тұрақсыздық, шекаралас елдердегі мемлекеттік институттардың ж е т к і л і к т і да м ы м а у ы ;

қарулы арандатулар, Қазақстан Республикасына аумақтық кінә қоюлар; шетел мемлекеттері немесе ұйымдары тарапынан Қазақстан Республикасының ішкі істеріне араласу;

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне залал келтіруге әскери-саяси ұйымдар мен одақтар ықпалының кеңеюі;

Қазақстан шекарасының маңында қарулы жанжалдар ошақтарының болуы; жекелеген мемлекеттердің жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын жасау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруы, оны шығару үшін пайдаланылатын жабдықтарды, технологиялар мен құрауыштарды, сондай-ақ қосарлы мақсаттағы технологияларды заңсыз таратуы;

әскери қыр көрсету, Қазақстан мен оған достас мемлекеттердің шекаралары маңындағы қалыптасқан күштер теңгерімін бұзуға әкеп соқтыратын ә с к е р т о п т а р ы н ө р і с т е т у ;

халықаралық радикалдық топтардың қызметі, шекаралас елдердегі діни экстремизм ұ с т а н ы м ы н ы ң к ү ш е ю і ;

і ш к і :

конституциялық құрылысты өзгертуге бағытталған күш көрсету іс-әрекеттері;

Қазақстан Республикасының бірлігі мен аумақтық тұтастығын, елдегі ішкі саяси тұрақтылықты бұза отырып, экстремистік, ұлттық, діни, сепаратистік және террористік қозғалыстардың құқыққа қарсы қызметі;

мемлекеттік биліктің орталық органдарының жұмыс істеуіне іріткі салуға бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлау, дайындау және жүзеге асыру, мемлекеттік және басқа да өмірлік маңызы бар объектілерге шабуыл жасау;

заңсыз қарулы құралымдарды құру, жарактандыру, дайындау және олардың ж ұ м ы с і с т е у і ;

Қазақстан Республикасының аумағында диверсиялар, террористік актілер, өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш және басқа да құралдарды заңсыз тарату;

Қазақстан Республикасындағы экономикалық және саяси тұрақтылыққа қатер төндіретін ауқымдағы ұйымдасқан қылмыс, контрабандалық және өзге де заңға қарсы қызмет.

2.2. Қазақстанның әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты

Қазақстан Республикасы қызметінің маңызды бағыты - мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету, агрессияны немесе әскери жанжалдар тұтандыруды болдырмау, тұлға мен қоғамды қорғау, елдің саяси және экономикалық мүдделерін іске асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

Қазақстан өзінің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуді демократиялық, құқықтық мемлекетті дамыту, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыру, тең құқылы әріптестік, өзара тиімді ынтымақтастық, халықаралық қатынастардағы тату көршілестік принциптерін бекіту, халықаралық қауіпсіздіктің толық қамтитын жүйесін дәйекті түрде қалыптастыру, өңірде бейбітшілікті сақтау және нығайту тұрғысынан қарастырады.

Қазақстан қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әскери емес шараларына, бірінші кезекте саяси-дипломатиялық, құқықтық, экономикалық, гуманитарлық, ақпараттық-насихаттау және өзге де шараларына басымдық береді, ол мынадай міндеттерді шешудің басымдықтарын алдын ала айқындайды:

әскери саладағы, бірінші кезекте Орталық Азиядағы өзара тиімді ынтымақтастық, өзара түсіністік, сенім мен ашықтық шараларын жүзеге асыру негізінде достас мемлекеттермен байланыстарды және интеграциялық процестерді күшейту;

әскери жанжалдарды және агрессия тұтандыруды болдырмаудың халықаралық тетіктерін құру жөніндегі қызметті жандандыру;

сенім шараларын нығайту, мемлекетаралық қайшылықтарды шешу үшін күш қолданудан бас тарту, халықаралық дауларды реттеу;

әлемнің демократиялық және индустриялық дамыған мемлекеттерімен экономикалық байланысты кеңейту және қарым-қатынасты тереңдету;

халықаралық қоғамдастық тарапынан елді қолдауды қамтамасыз ету үшін халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен жәрдемін пайдалану;

жаппай қырып-жою қаруын таратпаудың және қару-жарақты бақылаудың халықаралық режимдерін нығайтуға жан-жақты жәрдемдесу.

Қазақстан бейбітшілік тәртібін қалыптастыруға белсенді қатыса отырып және

әскери жанжалдарды болдырмау, ал олар туындаған жағдайда - олардың бастапқы даму сатысында жанжалдасу ахуалдарын бәсеңдету мәселелерін шешуде әріптестік және ынтымақтастық құралын, диалогты және басқа да мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзінің байланыстарын кеңінен п а й д а л а н а т ы н б о л а д ы .

Әскери жанжалды реттеуге дәйекті көзқарас барлық сатыдағы саяси бақылауды міндетті жүзеге асыру кезінде саяси және әскери шаралардың бүкіл ауқымын қоса алғанда, ден қоюдың тиісті құралдары мен тәсілдерін таңдауды және үйлестіруді көздеуге тиіс.

Қазақстан Республикасы әскери жанжалдарды болдырмау, халықаралық құқық нормалары негізінде халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісінде мынадай форматтарда мемлекеттермен ынтымақтастық жасайды: Біріккен Ұлттар Ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Солтүстік Атлантика шарты ұйымы (Іс-қимыл серіктестігінің жеке жоспары және "Бейбітшілік жолындағы серіктестік" бағдарламасы шеңберінде), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ж ө н і н д е г і ұ й ы м .

Бір қатар объективті жағдайларда және әлеуетті әскери қатерлер сақталғанда елдің қорғаныс қабілетін нығайту мемлекеттің өзекті міндеттерінің бірі болып қала береді. Сондықтан әлемдік стандарттар бойынша қазіргі заманғы қару-жарақпен және техникамен жарақтандырылған жоғары кәсіби армияның болуы Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар ұлттық мүдделерін сенімді қорғау шарттарының бірі болып табылады.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі міндеттері мыналар болып т а б ы л а д ы :

б е й б і т у а қ ы т т а :

мемлекеттің конституциялық құрылысын, аумағының тұтастығы мен қол с ұ ғ ы л м а у ш ы л ы ғ ы н қ о р ғ а у ;

елдің мемлекеттік басқару органдарын, экономикасын және әскери ұйымын төтенше және соғыс жағдайларында жұмыс істеуге дайындау;

мемлекеттің қорғаныс қабілетін неғұрлым ықтимал әскери қатерлерге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;

энергетикалық, ғылыми-техникалық, ғарыштық және басқа да салалардың стратегиялық объектілерін күшпен қорғауды қамтамасыз ету;

қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен, оның ішінде НАТО стандарттары бойынша Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жарақтандыру;

әскерлерді жасақтаудың келісімшарттық жүйесін дамыту шарттарында және

әлемнің озық тәжірибесін ескере отырып, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін кадрлар даярлауды жетілдіру;

әскери қызметшілердің жоғары әлеуметтік мәртебесін, әскери қызметтен босатылған адамдардың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету, әскери жанжалдарға және төтенше жағдай зардаптарын жоюға қатысушыларға мемлекеттік қолдау көрсету;

халықтың идеологиялық тәрбиеге, қазақстандық патриотизм мен елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген саналы көзқарасын қалыптастыру;

бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау, оның ішінде бітімгершілік қызметке, коалициялық әскери құрылысқа қ а т ы с у ;

ұжымдық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту үшін екі жақты және көп жақты негіздерде әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейту;

қару-жарақты шектеу, қысқарту, таратпау және жою саласындағы шарттарды өзара орындауды бақылау, сенім шараларын нығайту;

қатерлі кезеңде және әскери жанжал басталғанда:

агрессияны болдырмау немесе бейбітшілікті қалпына келтіру үшін агрессорды әскери жанжалды бастапқы сатысында тоқтатуға мәжбүрлеу үшін БҰҰ-ның, басқа да халықаралық ұйымдардың әлеуетін пайдалану;

қарулы, саяси, дипломатиялық, ақпараттық, экономикалық және басқа да күрес түрлерін ұйымдастыру және үйлесімді жүргізу;

әскери іс-қимылдарды дайындау және жүргізу жөнінде шешімдер қабылдау ж ә н е о н ы і с к е а с ы р у ;

ел экономикасын, оның жекелеген салаларын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарды, көлік пен коммуникацияларды соғыс жағдайы кезінде жұмыс істеуге а у ы с т ы р у ;

агрессияға тойтарыс беру мүдделерінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;

аумақтық және азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге а с ы р у ;

әскери саладағы шарттар негізінде әскери жанжалдарды окшаулау және тоқтату үшін достас мемлекеттердің мүмкіндіктерін пайдалану.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым бағыттары:

әскери қатерлерді уақтылы ашу, бағалау және жіктеу, оларға барабар қарсы і с - қ и м ы л д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

мемлекеттің әскери ұйымына басшылық жасауды оның қызметін азаматтық бақылаумен үйлесімдікте орталықтандыру;

мемлекеттің әскери ұйымының әскери қауіпсіздікке қазіргі және әлеуетті қыр көрсетулері мен қатерлеріне қарсы тиімді іс-әрекет жасауға әзірлігін қамтамасыз

е т у ;

әскери қауіпсіздікті кепілді қамтамасыз етуге қабілетті күштер мен құралдардың болуы, оларды ұтымды орналастыру және жан-жақты ресурстық қ а м т а м а с ы з е т у ;

халықаралық әскери ынтымақтастықты тереңдету, халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысу.

2.3. Мемлекеттің әскери ұйымы

Мемлекеттің әскери ұйымы міндеттерді әскери әдістермен орындауға арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қамтиды. Қазіргі заманғы және тиімді әскери ұйым Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құ р а л ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мемлекет өз Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын дамыту мен жан-жақты қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдайды. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың басты мақсаты олардың мемлекеттің әскери қауіпсіздігіне қазіргі бар және әлеуетті қатерлерді бейтараптандыруға әзірлігін қамтамасыз ету болып табылады .

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын дамытудың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

ғ ы л ы м и н е г і з д і л і к ;

жоспарланған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге орталықтандырылған б а с ш ы л ы қ ж а с а у ;

белгіленген іс-шаралардың уақтылығы, жоспарлылығы мен жан-жақты қ а м т а м а с ы з е т і л у і ;

жалпы мемлекеттік және ведомстволық іс-шаралардың кешенділігі мен келісілуі, оларды ұйымдастыру мен өткізуді ұдайы бақылау; бірыңғай мемлекеттік әскери-техникалық саясат; кадрларды оқыту және даярлау жүйесінің бірізділігі.

Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту олардың қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, үйлестірілген және келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік қолданудың міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттің әскери ұйымын дамытудың міндеттері:

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметін мемлекеттік және азаматтық бақылаудың тиімділігін арттыру;

мемлекеттің әскери ұйымының барлық құрауыштарын теңгерімді және үйлесімді дамыту;

әлемнің жетекші елдерінің армиясын дамыту және қолдану тәжірибесін талдау негізінде Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға технологиялық және кәсіби талаптарды орнату;

әскери білім беру жүйесін халықаралық талаптарға сәйкес келтіру, келісімшарттық қызметті жетілдіру;

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды тылдық және техникалық қамтамасыз етудің тиімді жүйелерін арттыру;

Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін резервтер жүйесін жаңа сапалы деңгейге шығару.

Мемлекеттің әскери ұйымын дамытудың негізгі бағыттары:

мемлекеттің әскери ұйымын басқару органдарының қызметін, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды даярлаудың нысандары мен тәсілдерін жетілдіру, бірлесіп жоспарлау, ведомствоаралық үйлестіру мен өзара іс-қимыл сапасын арттыру;

белгіленген жауапты аймақтардағы әскери қауіпсіздік міндеттерін шешу мәселелерінде өңірлік қолбасшылықтардың нақты дербестігін қамтамасыз ету, стратегиялық бағыттарда өзіне өзі жеткілікті әскерлер топтарын құру;

авиация паркін, сондай-ақ әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарын басым жаңартумен басқару органдарын, ұдайы жауынгерлік әзірліктегі құрамалар мен бөлімдерді қару-жарақ пен әскери-техниканың жаңа үлгілерімен жоспарлы түрде техникалық қайта жарақтандыру;

жоғары дәлдікті қаруды, радиоэлектрондық күрестің, байланыс пен басқарудың, оның ішінде ғарыштық құрауыштарды пайдалана отырып, қазіргі заманғы құралдарын кеңінен енгізу;

әскери қызмет жағдайларын сапалы жақсарту, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған адамдардың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 200 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы идеологиялық жұмысты жандандыру;

әскери саладағы ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету, отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту;

аумақтық қорғаныс жүйесін мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне белсенді түрде кіріктіру;

армияны жаңғырту, халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету,

әскери инфрақұрылымды қалыптастыру және әскери кадрлар даярлау мүдделеріндегі халықаралық әскери ынтымақтастықты кеңейту.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту төмен және орта қарқынды жанжалдарда әскери қауіпсіздік қатерлерін бейтараптандыруға әскерлердің әзірлігін қамтамасыз етуге бағытталған әскери-саяси, әскери және әскери-техникалық сипаттағы өзара байланысты шаралар кешенін өткізуді көздейді.

Осы шаралар кешенін мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарлануда.

Бірінші кезеңде (2007-2008 жылдар) негізгі күш-жігер стратегиялық бағыттарда мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін дербес шешуге қабілетті әскер топтарын құруды аяқтауға, әскери инфрақұрылымды дамытуға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын, мемлекеттік маңызы бар объектілерді күзетуді қамтамасыз ететін жауынгерлік кезекшілік атқаратын бөлімдер мен бөлімшелерді қазіргі заманғы қару-жарақпен, әскери техникамен және арнайы құралдармен жарақтандыруға бағытталатын болады.

Екінші кезеңде (2009-2010 жылдар) негізгі күш-жігер әскерлердің сапалық параметрлерін арттыруға және оларды қару-жарақтың, әскери техниканың, арнайы құралдардың жаңа үлгілерімен кезең-кезеңімен техникалық қайта жарақтандыруға бағытталатын болады.

Кейіннен күш-жігер армияны техникалық қайта жарақтандыруды аяқтауға, жетекші өндірушілермен бірлесе отырып, отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарында қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі заманғы үлгілерін әзірлеуге, олардың халықаралық стандарттарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды кешенді дамыту мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

б і р і н ш і к е з е ң д е :

өздеріне жүктелген міндеттерді шешуге, дербес және басқа мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесе отырып стратегиялық бағыттарда Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өздері үшін белгіленген жауапты аймақтарда қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауға қабілетті өңірлік әскер топтарын қ ұ р у ;

мемлекеттің әскери ұйымының құрылымын жаңғырту, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі функционалдық жүктемені атқармайтын бөлімдерді қ ы с қ а р т у ;

Каспий өңіріндегі ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің басымды

қ а т ы с у ы ;

құрамалар мен бөлімдерді қазіргі заманғы, оның ішінде жоғары дәлдікті қару-жарақпен және техникамен ішінара қайта жарақтандыру, қолда бар қару-жарақ пен техника паркін толық ауқымды жаңғырту үшін жағдайлар жасау; елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басым бағыттарында әскери инфрақұрылымды басым құру;

Каспий өңірінде қорғаныс әлеуетін дамыту және тиісті инфрақұрылым құру, барлық қуат құрылымдарының үйлескен іс-қимылдары негізінде оңтүстік шекараларды күзетуді күшейту жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

әскерлер мен қаруды басқару жүйесіне ГАЖ-технологияларын, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс нәтижелерін енгізу; жоғары технологиялар мен қарулы қорғаныстың ғылымды көп қажет ететін құралдарын пайдаланумен Астана, Алматы қалаларын, басқа да маңызды өнеркәсіптік және ғылыми орталықтарды қорғау;

ведомствоаралық үйлестіруді және қуат құрылымдарының өзара іс-қимылын жақсарту ;

әскерлерді келісімшарт негізінде жасақтауға жоспарлы түрде көшу; әскери және арнаулы оқу орындарындағы оқу процесін озық технологияларды, оқытудың жаңа әдістері мен нысандарын енгізумен үйлесімдікте оқыту әдістемесін жақсарту және Ұлттық қорғаныс университетін орналастыру үшін Астана қаласында қазіргі заманғы кешен салу арқылы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың перспективасына сәйкес келетін әскери қызметшілердің біліктілігін арттырудың тармақталған және ынталандыратын жүйесін құру;

ғылымды көп қажет ететін әскери мамандықтар бойынша шетелде ұлттық кадрларды басым даярлауды жүзеге асыру;

әскери қызметтің беделін, маңыздылығын және абыройын арттыру; екі жақты форматта да, көп жақты негіздегі, оның ішінде ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨЫСШК және басқалар сияқты ұйымдардың жұмысына белсенді қатысу арқылы, сондай-ақ халықаралық терроризмге, есірткі құралдарының, қару мен оқ-дәрілердің тасымалына қарсы іс-қимыл жасау саласындағы ынтымақтастықты кеңейту ;

Қазақстанның бітімгершілік, гуманитарлық және өзге де халықаралық міндеттемелерді орындауға қатысуы үшін ведомствоаралық әлеует құру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетудің әскери, жедел және инженерлік-техникалық күштері мен құралдарын кешенді пайдаланудың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыру;

е к і н ш і к е з е н д е :

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрамында жауынгерлік әзір, жеке құраммен, қару-жарақпен және техникамен жабдықталған құрамалар мен бөлімдердің санын ұлғайту;

әуе кеңістігін бақылаудың және басқарудың бірыңғай жүйесін құру; әкімшілік-аумақтық бірліктерді жұмылдыру дайындығы мәселелеріндегі жергілікті әскери басқару органдарының рөлін арттыру;

бөлімдер мен құрамаларды, ұқсас байланыс құралдарын қазіргі заманғы цифрлық жүйеге ауыстыруды қоса алғанда, қару-жарақ пен техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен кезең-кезеңімен қайта жарақтандыру, ұлттық орбиталдық топтарға бейімделген байланыс желілерін құру;

мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің санын қысқарту және әскерге шақыру және жұмылдыру резервтерін даярлау жүйесін жетілдірумен үйлесімділікте, жауынгерлік әзірлікті айқындайтын лауазымдарға келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді тағайындау жолымен армияны кәсібилендіру;

әскери білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға жауап беретін сапалы жаңа деңгейге шығару;

Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін кәсіпқой сержанттарды даярлау жүйесін құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген нормаларға сәйкес әскери қызметшілердің тұрғын үй проблемаларын шешу;

Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында өткізілетін бітімгершілік операцияларына Қазақстанның қатысуын жандандыру.

3. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-стратегиялық негіздері

3.1. Әскери жанжалдардың сипаты

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі объективті орын алып келе жатқан үрдістер Қазақстан Республикасын мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғау, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес міндеттемелерін орындау мақсатында әскери жанжалдарға қатысуға әзірлікте ұстауға міндеттейді.

Әскери жанжал - әскери күштерді қолданумен мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыс, қарсы күресу, қайшылықтарды шешу нысаны.

Кез келген әскери жанжалға тараптардың саяси мақсаттарына, әскери іс-қимылды жүргізу ауқымына, олардың шиеленісуіне, қолданылатын қарулы күрес құралдарына, әскерлер іс-әрекетінің тәсілдеріне негізделген ерекше әлеуметтік-саяси, құқықтық және әскери-стратегиялық белгілер тән, олар

жиналып келгенде оның сипатын айқындайды.

Қазіргі заманғы қарулы жанжалдардың негізгі белгілері:

кеңістіктік етек алуы, жоғары белсенділік пен қарқындылық, асығыстық пен шекті шиеленісу, авиацияны, жоғары дәлдікті қаруды, радиоэлектрондық күрес құралдарын, ғарыштық құрауыштарды, барлау мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, ақпараттық және психологиялық күрес күштері мен құралдарын кеңінен пайдалану;

тараптар мен қапталдардың айқын белгіленген түйісу жолақтарының болмауы, әскерлерді жедел құруда үлкен аралық пен алшақтықтың болуы;

кеңінен маневр жасау, диверсиялық-барлау топтары мен құралымдарын белсенді қолдану үшін жағдай жасайтын іс-қимылдың байланыссыз және басқа да дәстүрлі емес нысандары мен тәсілдерін пайдалану;

тікелей емес стратегиялық іс-әрекеттерді, оның ішінде саяси және психологиялық қысым жасауды, күш көрсетуді, экономикалық санкцияларды, ақпараттық күресті қолдану;

мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу;

қару-жарак пен әскери техниканың қазіргі заманғы жүйелерін кеңінен қолдану;

энергетика кәсіпорындарын, қауіпті өндірістерді, инфрақұрылымды, коммуникацияларды, тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін істен шығарудың апаттық зардаптары;

қарулы жанжалдарға тұрақты емес қарулы құралымдардың қатысуы.

Әскери жанжалдардың түрлері соғыстарға және қарулы жанжалдарға бөлінеді.

Соғыс - мемлекеттер, халықтар және әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіне, саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға қол жеткізу үшін қарулы күш көрсету құралдарын қолдануға көшуге байланысты қоғамдық-саяси құбылыс. Қарулы күреспен қатар соғыста сонымен қатар экономикалық, дипломатиялық, идеологиялық және басқа да күрес нысандары қолданылады.

Қарулы жанжал - мемлекет соғыс жағдайына өтпеген кезде қарулы күш көрсету құралдарын қолдана отырып, ұлттық, этникалық, діни және басқа да қайшылықтарды шешудің бір нысаны.

Қарулы жанжал қарулы инцидент, қарулы арандатушылық, басқа да ауқымы шектелген қарулы қақтығыстар нысанында туындауы мүмкін. Қарулы жанжалдың ерекше нысаны шекаралық жанжал болып табылады.

Қазақстан Республикасы тартылуы мүмкін әскери жанжалдар ауқымы, ұзақтығы мен шиеленісуі бойынша төмен, орта және жоғары қарқынды жанжалдарға бөлінеді.

Төмен қарқынды әскери жанжал - шекаралық қарулы инциденттер, ел ішіндегі заңсыз қарулы құралымдардың және террористік ұйымдардың қызметі нәтижесінде туындаған қарулы жанжал.

Ол әскерлер іс-қимыл жасайтын аудандардағы әскери-саяси жағдайдың күрделілігімен және біркелкі еместігімен, коммуникациялардың, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың әлсіздігімен, тұрақты емес қарулы құралымдардың қатысуымен, диверсиялық және террористік іс-әрекеттермен сипатталады.

Орта қарқынды әскери жанжал - қуатты экономикасы мен әскери әлеуеті жоқ елдер арасындағы соғыс.

Ол қарсы күресетін тараптардың шектелген күштер мен құралдарды, жоғары дәлдікті қаруды, радиоэлектрондық күрес құралдарын және басқа да қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі заманғы құралдары кеңінен қолданылатын жауынгерлік іс-әрекеттер ошақтарымен, жанжалдасушы мемлекеттер шекараларында әскери іс-қимыл жүргізумен, әскерлерді, тылды, олардың барлық аумағында экономиканы және коммуникацияларды талқандаумен сипатталады.

Орта қарқынды әскери жанжалды жанжал ауданында өрістетілген әскерлер топтарының жүргізуі, олар қажет болған кезде басқа бағыттардан әскерлерді, күштер мен құралдарды ауыстыру және Қарулы Күштерге ішінара стратегиялық өрістету жүргізу есебінен күшейтілуі мүмкін.

Орта қарқынды жанжалда тараптар қарсы күресетін мемлекеттердің шекараларында әрекет жасайтын және шектелген әскери-саяси мақсаттарды ұстанатын болады.

Жоғары қарқынды әскери жанжал - әскери және экономикалық жағынан қуатты мемлекеттер (мемлекеттер коалициялары) қатысатын соғыс. Ол қарсы күресетін тараптардың түбегейлі әскери-саяси мақсаттарымен сипатталады, оларға қол жеткізу қатысушы мемлекеттердің материалдық және рухани ресурстарын толық жұмылдыруды талап етеді.

Ядролық мемлекеттердің қатысуымен болатын жанжалда ядролық қаруды қолдану қатері ұдайы сақталады. Тіпті оны шектелген ядролық соққы бере отырып, ядролық соғысқа айналдыру көп адам өліміне, экономикалық және мәдени орталықтардың қатты қирауына, үлкен аумақтың зақымдануына әкеп соғуы мүмкін, ол өңірдің көп елдерінде экологиялық зілзалаға әкеп соқтырады.

3.2. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану негіздері

Қазақстан Республикасы оған қарсы агрессия туындаған жағдайда қарулы қорғауды, мемлекеттің барлық әскери және экономикалық әлеуетін жұмылдыруды, азаматтық және аумақтық қорғаныс іс-шараларын, достас

мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлескен іс-қимылдар жүргізуді жүзеге асырады .

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жауынгерлік құрамы, жасақталуы және қамтамасыз етілуі төмен және орта қарқынды жанжалдарда мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетіне жауап беруге тиіс.

Қазақстан Республикасы және оның Қарулы Күштері кенеттен болатын шабуылды болдырмауға, қауіпті кезенді агрессияға тойтарыс беруге дайындау, Қарулы Күштер мен қатысушы мемлекеттер әскерлерінің (күштерінің) коалициялық топтарын стратегиялық өрістетуге жағдай жасау, елдің экономикалық кешенін бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстыру, мемлекеттік шекараны бүркемелеу, маңызды мемлекеттік және әскери объектілерді қорғау, психологиялық күрес күштері мен құралдарын кеңінен қолдану, қарсыластың халыққа және әскерлердің жеке құрамына ақпараттық-психологиялық әсер етуіне қарсы іс-қимыл жасау үшін мақсатты түрде пайдаланылуға тиіс .

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары агрессияға тойтарыс беру, елдің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілердің күзеті мен қорғанысы, әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін қолданылады.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану Конституцияға , қолданыстағы заңнамаға , Қазақстан Республикасы Президентінің әскери қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жарлықтарына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Мемлекет басшысының жарлықтарымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану ережелеріне және қолдану жоспарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады .

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары төмен қарқынды әскери жанжалдарда, әдетте, шиеленісу ошақтарын оқшаулау және жанжалдарды бейбіт құралдармен реттеу үшін жағдайлар жасау мақсатында неғұрлым ерте сатыда әскери іс-әрекеттерді тоқтату, заңсыз қарулы құралымдарды жою, жағдайды қалпына түсіру, заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халыққа қажетті көмек көрсету үшін қолданылатын болады.

Осы міндеттерді шешу үшін ұдайы жауынгерлік әзірліктегі құрамалар мен бөлімдер тартылады. Қажет болған кезде олар басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен күшейтілуі мүмкін, ал операцияларға басшылық жасауды бірыңғай (жалпы әскери) қолбасшылық жүзеге асыратын болады.

Шекара маңындағы жанжалды, әдетте, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамаларымен және бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің күштері мен құралдары шешеді.

Қазақстан Республикасына қарсы орта қарқынды әскери жанжал экономикалық және қорғаныс әлеуетін бұзу, белгілі аумақтарды басып алу немесе оларға бақылау орнату, мемлекетті елеулі саяси, аумақтық, экономикалық және басқа да шегіністерге мәжбүрлеу мақсатында туындауы мүмкін.

Орта қарқынды жанжалға қатысу Қазақстан Республикасының барлық аумағында және оның жекелеген облыстарында соғыс жағдайын енгізуді және ішінара немесе жалпы жұмылдыру жариялауды, мемлекеттің қорғаныс және әскери-экономикалық әлеуетінің барлығын немесе елеулі бөлігін пайдалануды т а л а п е т у і м ү м к і н .

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары орта қарқынды әскери жанжалдарда жауынгерлік іс-қимыл аудандарын оқшаулау және агрессияның үзілді-кесілді жолын кесу, оның ішінде одақтас мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесіп қолданылатын болады.

Қазақстан Республикасына қарсы орта қарқынды әскери жанжал мынадай түбегейлі әскери-саяси мақсаттармен туындауы мүмкін: елде саяси биліктің ауысуы, мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу, аумақтың біршама бөлігін иеліктен шығару, мемлекеттің қорғаныс әлеуетін толық жою.

Қазақстан Республикасының мақсаты оған қарсы жоғары қарқынды жанжалдың туындауын болдырмаудың саяси-құқықтық, ұйымдық-техникалық және өзге де халықаралық кепілдіктерінің тиімді жүйесін белсенді іздестіру және қ ұ р у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Көрші мемлекеттермен достық қарым-қатынас құру жөніндегі салмақталған сыртқы саясат жүргізуге байланысты, тікелей әскери агрессия қаупінің жоқтығына қарай орта мерзімді болашақта оған Қазақстан Республикасын тартумен осындай жанжалдың туындау мүмкіндігі төмен.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың міндеттері:

б е й б і т у а қ ы т т а :

жауынгерлік әлеуетті, жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін, мемлекеттік шекарадағы немесе Қазақстан Республикасы аумағының шегіндегі төмен қарқынды әскери жанжалдарды, кез келген заңсыз қарулы күш көрсетулерді оқшаулауды және жолын кесуді қамтамасыз ететін деңгейде бейбіт уақыттың штаттарында басқару органдары мен әскерлердің даярлық дәрежесін қолдау;

әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ жедел-стратегиялық тұрғыдан мемлекеттік шекараның маңызды учаскелерін бүркемелеу;

аумақтық теңізде, құрлықтық қайраңдарда және Қазақстан Республикасының

экономикалық аймағында Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау;
маңызды әскери және мемлекеттік объектілерді күзету;
елдің кез келген ауданында жағдайды тұрақтандыру жөніндегі шешуші
іс-қимылдарға әзірлікті көрсету;

орта немесе жоғары қарқынды жанжалдың қатері туындаған жағдайда
Қарулы Күштерді стратегиялық өрістетуге әзірлікті қамтамасыз ету;
диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және жолын кесу;
Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес
бітімгершілік, гуманитарлық және өзге де операцияларға қатысу;
экологиялық апаттардың және басқа да төтенше жағдайлардың алдын алуға
қатысу, олардың зардаптарын жою.

Осы міндеттерді шешу басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен
Қарулы Күштердің тығыз өзара іс-қимылымен жүзеге асырылады. Бұл ретте
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне құрлықта, теңізде, көлдер мен
өзге де су айдындарында мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау, терроризмге,
қару мен есірткі контрабандасына қарсы күреске қатысу, Ішкі істер
министрлігінің ішкі әскерлеріне - экономиканың және инфрақұрылымның
маңызды стратегиялық объектілерін, оның ішінде мұнай операцияларының
объектілерін күзету, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялар мен
террорлық актілердің жолын кесуге, заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күреске
қ а т ы с у ж ү к т е л е д і ;

ішкі қарулы жанжалдардың жолын кесу кезінде:
жанжал ауданын оқшаулау және қоршау;
қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету және төтенше жағдайдың
қ ұ қ ы қ т ы қ р е ж и м і н қ о л д а у ;

заңсыз қарулы құралымдарды қарусыздандыру және жою, халықтан заңсыз
с а қ т а у д а ғ ы қ а р у д ы а л у ;

аумақтық және азаматтық қорғаныс жоспарларына сәйкес жанжал ауданына
жақын жатқан аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті күзетуді күшейту;
заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, сондай-ақ Қазақстан
Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да міндеттерді шешу.

Ішкі қарулы жанжалдардың жолын кесу жөніндегі міндеттер Қарулы
Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылатын
біріктірілген топтарына жүктеледі.

Төмен қарқынды жанжалдар және Қазақстан Республикасына және оның
одақтастарына қарсы агрессия жағдайында:

шекара маңы жанжалдарын, оның ішінде мемлекеттің тартылатын әскери
ұйымының құрауыштарымен өзара іс-қимыл жасаумен оқшаулау және
б е й т а р а п т а у ;

Қарулы Күштерді жұмылдыра өрістету жүргізу;
одақтас мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесіп қарсыластың әскер топтарына соққы беру және талқандау;
резервтер қалыптастыру аудандарын бүркемелеу;
арнайы операциялар жүргізетін күштерге және тұрақты емес құралымдарға қ а р с ы к ү р е с ;
халықты, экономика объектілерін, инфрақұрылымды қарсыластың зақымдау құралдарының әсерінен қорғау;
соғыс (төтенше) жағдай режимін қолдау.

Әскери іс-әрекеттер ауқымына, жағдайдың шарттарына және күштердің арақатынасына байланысты міндеттердің түрі өзгертілуі мүмкін, бірақ кез келген жағдайда түпкі мақсат Қазақстан Республикасының аумағынан агрессорды қуу және агрессияға дейін болған жағдайды қалпына келтіру болып табылады.

Авариялар, апаттар және зілзала зардаптарын жою кезінде халыққа көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары тартылуы мүмкін. P971298

3.3. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық жасау

Мемлекеттің әскери ұйымын құруға, дайындауға және қолдануға, әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылық жасауды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады .

Қазақстан Республикасының Парламенті мемлекеттің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысы мәселелері жөнінде заңдар қабылдайды, соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешеді, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды пайдалану туралы шешім қабылдайды, қорғаныс және әскери ынтымақтастық мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды ратификациялайды және күшін жояды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен жарақтандыруды, оларды қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, қорғаныс, азаматтық және аумақтық қорғаныс мүддесінде елдің аумағын жедел жабдықтауды ұйымдастырады; күшпен қорғауға жататын стратегиялық объектілердің тізбесін, Қарулы Күштердің басқару органдары, әскер түрлері, тектері штат санының лимитін, қорғаныс мұқтажы үшін жерлерді, ормандарды, сулар мен басқа да табиғи ресурстарды ұсыну және пайдалану тәртібін

айқындайды, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды орындайды.

Басқа да мемлекеттік органдар, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері шегінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды ұйымдастырады және ол үшін толық жауапты болады.

Бейбіт уақытта Қарулы Күштерге басшылық жасауды Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі елдің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді шешеді, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды әскери реформалаудың негізгі бағыттарын, дамыту бағдарламаларын әзірлеуді үйлестіреді; Қарулы Күштер әскерлері түрлерінің, тектерінің құрылымын, штат санын айқындайды; мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізеді; халықаралық әскери ынтымақтастықты, Қарулы Күштерде заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналға әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті Қорғаныс министрлігінің ведомствосы болып табыла отырып, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды әскери реформалаудың негізгі бағыттарын, оны құру және дамыту, олардың жедел, жауынгерлік және жұмылдыра даярлану жоспарларын әзірлейді, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, аумақтық қорғаныс міндеттерін орындауға қатысушы күштерді қолдануды жоспарлауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, қорғаныс мүдделерінде ел аумағын жедел жабдықтау жоспарын әзірлейді.

Қарулы Күштер түрлерінің бас қолбасшыларының, әскер тектері қолбасшыларының, Тылы бастығының басқармалары бағынысындағы басқару органдары мен әскерлерін дамыту және қолдану, оларды жедел, жауынгерлік, арнайы, жұмылдыра даярлау, техникалық жарақтандыру, кадрлар даярлау жоспарларын әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады, әскерлерді басқаруды және олардың күнделікті қызметіне басшылық жасауды қамтамасыз етеді.

Өңірлік қолбасшылықтар әскерлері қолбасшыларының басқармалары бағынысындағы әскерлер топтарын басқаруды және олардың күнделікті қызметіне басшылық жасауды, белгіленген жауапты аймақтарда әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен

бірлескен даярлығы жөніндегі іс-шараларды жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Бейбіт уақытта басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тікелей басшылық жасауды және күнделікті қызметін басқаруды тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Қауіп төнген кезеңде және соғыс уақытында мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылық жасау Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

4. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әскери-экономикалық және әскери-техникалық негіздері

4.1. Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің мақсаттары, принциптері, міндеттері мен бағыттары

Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің басты мақсаты Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаржы қаражатына және әскери мүлікке деген мұқтаждарын экономиканың және мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шешу мақсаттарында қажетті көлемде қанағаттандыру болып табылады.

Қазақстанның Қарулы Күштері қазіргі заманғы әскери-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге тиіс, олар Қазақстан мен жаңа халықаралық жағдайға тән қауіптерге сәйкес жоғары қорғаныс технологияларына өз-өзін ақтайтындай есеп жасайды.

Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің негізгі принциптері:

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту бюджеттерін кезең-кезеңімен ұлғайту, олардың қуат құрылымдары бюджетінің жалпы құрылымында басым болуын қамтамасыз ету;

елдің жалпы ішкі өнімінің кемінде 1 процентін құрайтын қорғанысқа арналған шығыстар деңгейінде бюджет заңнамасында белгіленген негізде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру мәселелерін жетілдіру;

әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін шешу кезінде қаржылық, материалдық-техникалық, зияткерлік ресурстарды тиімді пайдалану;

қару-жарақты, әскери және арнайы техниканы өндіру, оның айналымы және оны сату саласындағы мемлекеттік реттеу.

Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің басым

міндеттері мыналар болып табылады:

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту іс-шараларын уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ басқару органдары мен әскерлердің күнделікті қызметін теңгерімді қаржыландыру;

экономиканың және мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделерінде мемлекеттің әскери-экономикалық қызметін жетілдіру;

отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді, халықаралық әскери-техникалық кірігуді дамыту жөніндегі шаралардың үндестікпен үйлесуіне, сондай-ақ қолда бар қару-жарақпен және әскери техникамен сыйымдылығын ескере отырып, шетелден қазіргі заманғы техниканы жеткізуге негізделген қазіргі заманғы бірыңғай және үйлестірілген мемлекеттік әскери-техникалық саясатты қ а л ы п т а с т ы р у ;

отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының әскерлерді жарақтандыруда тұрған үлгілерді жөндеуді және жаңғыртуды, сондай-ақ қазіргі заманғы қару-жарақ, жауынгерлік және арнайы техника, оқ-дәрілер өндіруін и г е р у ү ш і н ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

өзара тиімді халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты ж ү з е г е а с ы р у .

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаржылық, материалдық-техникалық, зияткерлік және өзге де ресурстарға мұқтаждықтарын кепілді қанағаттандыруға бағытталған экономикалық, оның ішінде бюджеттік с а я с а т т ы ж ү з е г е а с ы р у ;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қару-жарағы мен әскери техникасын сатып алу, жаңғырту, жөндеу, кәдеге жарату, 2015 жылға дейін әскери мақсаттағы өнімдерді шығаратын кәсіпорындарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және басқа да дамыту бағдарламалары негізінде бірыңғай мемлекеттік әскери-техникалық саясат жүргізу және мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру;

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды терроризмге қарсы операцияларды жүргізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, ұйымдасқан қылмысқа, қару, оқ-дәрілер мен есірткі құралдарының тасымалына қарсы күресу үшін қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың жаңа үлгілерімен қамтамасыз ету;

мемлекеттік қорғаныс тапсырысын жыл сайын қалыптастыруды және орындауды қамтамасыз ететін қаржы-экономикалық реттеуіштер мен тетіктер ж ү й е с і н ж е т і л д і р у ;

республикалық бюджеттен бөлінген қаржы, босатылатын және пайдаланылмайтын әскери мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қару-жарақ, әскери техника мен басқа да әскери мүлік паркін жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, жаңартуды жүргізу;

әскери-қорғаныс жүйесінің жекелеген құрауыштарын озық әлемдік ұқсас нұсқаларға және НАТО стандарттарына сәйкес келетін қару-жарақ пен әскери техниканың жоғары технологиялық үлгілеріне кезең-кезеңімен көшіру;

дамудың басым бағыттарын айқындау және отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ қосарлы мақсаттағы өнімдер шығару;

әскерлерді жарақтандыру үшін келіп түскен қару-жарақ пен әскери техниканы техникалық сүйемелдеу, жөндеу және жаңғырту жөнінде кешенді орталықтар құру;

қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен үшін білікті кадрлар даярлау; мемлекеттің қорғаныс қабілетінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін әскери өнімнің, әскери мақсаттағы жұмыстар мен қызмет көрсетулердің жаңа түрлерін өндіру мақсатында стратегиялық инвесторлар тарту;

қорғаныс мұқтажы үшін өндірілетін (сатып алынатын) өнімдерді мемлекеттік сынауды және сертификаттауды жүргізу;

өндірілетін өнімді әскери қабылдау институтын дамыту; өткізу нарығын кеңейту, экспорттық әскери өнімдердің номенклатурасы мен көлемдерін арттыру жолымен отандық әскери-өндірістік компаниялар мен кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін дамыту;

елдің әскери-экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында отандық қорғаныс өнеркәсібін нығайту, дамыту және қайта бейіндеу, әлемдік тәжірибені және халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңінен пайдалану.

4.2. Экономиканы жұмылдыра даярлау

Экономиканы жұмылдыра даярлаудың мақсаты - мемлекеттік басқару органдары жүйесінің соғыс уақытында жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, ел экономикасын жұмылдыру кезеңінде, соғыс жағдайында және соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, Қазақстан Республикасы халқының мұқтаждарын қамтамасыз етуге ұйымдасқан түрде көшіруге әзірлігін қамтамасыз ету.

Экономиканы жұмылдыра даярлаудың міндеттері:
Қазақстан Республикасында жұмылдыра даярлаудың және жұмылдырудың

нормативтік құқықтық базасын одан әрі жетілдіру және оны нарықтық жағдайларға бейімдеу;

экономиканы басқару жүйесін соғыс жағдайы және соғыс уақыты жағдайларында тұрақты жұмыс істеуге дайындау;

жұмылдыру тапсырмалары бар мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен кәсіпорындарды жұмылдыра даярлау жүйесінің тиімділігін арттыру;

жұмылдыру тапсырмаларын орындауда әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық мүдделілік жүйесін жетілдіру.

Экономиканы жұмылдыра даярлаудың негізгі бағыттары:

жұмылдыру қуаттылығының және жұмылдыру резервтерінің сақталуын қамтамасыз ету;

өндірістерді жұмылдыру жөніндегі тапсырыстарды (тапсырмаларды) орындау мақсатында соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында даярлау;

жұмылдыра даярлау және жұмылдыру мүдделерінде өнімдерді жеткізуге тапсырыстарды (тапсырмаларды) орындау, жұмыстар жүргізу, қызмет көрсетулер ұсыну;

жұмылдырушылық және мемлекеттік резервтерде материалдық ресурстар қорларын жинақтау және сақтау;

соғыс уақытына арналған конструкторлық және технологиялық құжаттаманың сақтандыру қорын игеру және сақтау;

жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында әскери міндетті азаматтар қатарынан басшылық жасайтын құрамды, мамандарды, білікті жұмысшылар мен қызметкерлерді брондау;

Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға жеткізу үшін арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикасы мүдделерінде арнайы құралымдар мен техника дайындау.

4.3. Қазақстан Республикасының резервтер жүйесі

Қазақстан Республикасының резервтер жүйесі Қазақстан Республикасының қорғанысын кепілді қамтамасыз ету және төтенше жағдайларды жою үшін қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстарды бөлу мақсатында құрылады.

Резервтер жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі құрады. Резервтер жүйесінің құрауыштарын басқаруды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Материалдық-техникалық құралдар мен әскери мүлікті өндіру мен олардың қорларын резервтер жүйесінде жинақтау үшін мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының 2006-2010 жылдарға арналған жұмылдыру жоспарына сәйкес,

Қазақстан Республикасында жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру міндеттерін іске асыру шеңберінде жұмылдыру тапсырмалары белгіленеді.

Резервтер жүйесі қару-жарақтың, оқ-дәрілер мен материалдық-техникалық құралдардың стратегиялық, жедел және әскери қорларын, сондай-ақ жұмылдыру резервтерін қамтиды.

Материалдық-техникалық құралдардың стратегиялық қорларын жинақтауды және ұстауды Қазақстан Республикасының Үкіметі ұйымдастырады.

Материалдық-техникалық құралдардың стратегиялық қорларын есепке алуды және сақтауды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Қару-жарақтың, оқ-дәрілер мен материалдық-техникалық құралдардың жедел қорларын жинақтау мен ұстауды Қорғаныс министрлігі, ал әскери қорларын жинақтау мен ұстауды - Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

Адами және көліктік жұмылдыру резервтерін есепке алуды Қазақстан Республикасы Астана және Алматы қалаларының, облыстарының (қалаларының, аудандарының) қорғаныс істері жөніндегі департаменттері (басқармалары, бөлімдері) жүзеге асырады.

Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, аумақтық және азаматтық қорғаныс үшін жұмылдыру резервтерін дайындау мен жинақтау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитетінің жалпы басшылығымен жүзеге асырылады.

Резервтер жүйесін жетілдіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі: жұмылдыру даярлығының және экономиканы бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшірудің қажетті нормативтік құқықтық базасын әзірлеуді; ел экономикасын жұмылдыру дайындығы мен халқын жұмылдыра даярлаудың тиімді жүйелерін құруды;

резервтер жүйесінің материалдық-техникалық базасын дамытуды, оны қазіргі заманғы өрттік және күзеттік белгі берумен жарактандыруды;

қажетті мөлшерде материалдық құралдар жинақтауды және осы қорларды мемлекеттік материалдық резервтерде ұстауды ұйымдастырады.

5. Қазақстан Республикасының халықаралық әскери ынтымақтастығы

5.1. Халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасының халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына және халықаралық шарттарына сәйкес, сыртқы саяси және экономикалық

орындылыққа сүйене отырып, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін теңгерімді шешу, Қазақстанның оның әлеуетіне барабар жаңа халықаралық деңгейге шығуы, өңірлік көшбасшы ұстанымын нығайту мақсатында жүзеге асырылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу көпұлттық негізде сенім мен серіктестік шараларын кеңейтумен және нығайтумен үйлесімдікте ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Қазақстан Республикасы халықаралық тұрақтылық, ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздік мүдделерінде тең құқықтық, өзара тиімділік және бейбіт көршілік принциптері негізінде халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы қару-жарақ, әскери мақсаттағы өнімдердің, қосарлы мақсаттағы қолданыстағы тауарлар мен технологиялардың экспортын бақылау саласындағы халықаралық міндеттемелердің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеді.

Халықаралық әскери ынтымақтастықтағы басым бағыттарды Қазақстан Республикасы мыналар деп санайды:

бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру және ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерді шоғырландыру қажеттігіне сүйене отырып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы **шарт** ұйымына мүше мемлекеттермен әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жандандыру;

өңірдегі жалпы әскери-саяси мүдделер негізінде Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен стратегиялық серіктестікті тереңдету;

Қарулы Күштерді техникалық жаңғырту, әскери технологиялар трансферті, кадрлар даярлау және өңірдегі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделерінде әскери инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша Америка Құрама Штаттарымен ынтымақтастықты нығайту;

Орталық Азия мемлекеттерімен және басқа да елдермен әскери және әскери-техникалық салаларда ынтымақтастықты кеңейту;

НАТО-ның басшылығымен терроризмге қарсы операцияларды және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларды жоспарлауда, өткізуде және жан-жақты қамтамасыз етуде бірлескен оқу-жаттығуларға қатысу мен тәжірибе алмасу;

"Бейбітшілік жолындағы серіктестік" бағдарламасы шеңберінде, сондай-ақ верификатор-офицерлерді даярлау жөнінде өңірлік орталықтар құру;

әскери құралымдардың БҰҰ аясында бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларға қатысуы.

5.2. Қазақстан Республикасының коалициялық әскери құрылысқа қатысуы

Қазақстан ұлттық қауіпсіздіктің тиімді және қазіргі заманғы жүйесін құра отырып, өңірлік және жаһандық қауіпсіздік жүйелерімен белсенді өзара іс-қимыл ж а с а й д ы .

Қазақстан Республикасы бірлескен қауіпсіздікті және ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мүдделерінде жүзеге асырылатын коалициялық әскери құрылыс шеңберінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты нығайтатын болады.

Коалициялық әскери құрылыстың негізгі міндеттері мыналар болып т а б ы л а д ы :

ҰҚШҰ шеңберінде әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту;
әскери саладағы нормативтік құқықтық базаны келісу;

ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға даярлау.

Коалициялық әскери құрылыстағы басым бағыттарды Қазақстан Республикасы мыналар деп санайды:

ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру;
әскерлердің (күштердің) коалициялық (өңірлік) топтарын және оларды басқару органдарын құру және даярлау, олардың жауынгерлік дайындығының талап етілетін деңгейін қолдау;

ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерін жалпы қауіпсіздік пен ұжымдық қорғаныс мүдделерінде қолдануды жоспарлау;

ұжымдық қауіпсіздік жүйесі күштері мен құралдарының өзара іс-қимылы мәселелерін жетілдіру, бірлескен іс-қимылдардың мазмұнын, нысандары мен т ә с і л д е р і н а й қ ы н д а у ;

келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша жалпы қауіпсіздік пен ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мүдделерінде әскерлерді мақсаты бойынша міндеттерді орындауға даярлау;

халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, сепаратизмге, есірткі бизнесіне қарсы күресте бірлескен күш-жігерді жандандыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау процесіне қатысу;

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қатысушы мемлекеттер арасындағы 1992 жылғы 15 мамырдағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісім шеңберінде өзара тиімді әскери-техникалық ы н т ы м а қ т а с т ы қ ;

әскери ғылымды дамыту, әскери кадрлар даярлау.

5.3. Бітімгершілік қызмет

Қазақстан Республикасы бітімгершілік қызметті ұжымдық және ұлттық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі өз саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады, оны пісіп-жетілген әскери-саяси дағдарыстар мен әскери жанжалдарды саяси құралдармен ертерек табу мен уақтылы болдырмаудың негізгі құралдарының бірі деп санайды.

Бітімгершілік қызметтің мақсаты қарулы жанжалды тоқтату және оны саяси реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады.

Бітімгершіліктің халықаралық істерде Қазақстанның әскери-саяси айқындамасының ілгерілеуі мен мүдделері үшін маңызды мәні бар, сондай-ақ халықаралық аренадағы елдің беделін елеулі дәрежеде көтереді.

Осы мақсаттарда Қазақстан Республикасы оған берілген мандат негізінде БҰҰ аясындағы бітімгершілік операцияларына белсенді қатысатын болады.

Қазақстанның бітімгершілік қызметіндегі бастысы өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдеріне және жалпы танылған халықаралық құқық нормаларына сәйкес ұжымдық күш-жігерді шоғырландыру ісінде мемлекеттің принциптік айқындамасы болып табылады.

Бітімгершілік әлеуетті дамытудың тиімді құралдарының бірі күшейтілген инженерлік-саперлік және медициналық құрамы бар өңірлік бітімгершілік орталық құру болады.

Бейбітшілікті қолдау және қалпына келтіру жөніндегі операцияларда міндеттерді орындау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының халықаралық стандарттар бойынша арнайы дайындалған бөлімшелеріне жүктеледі.

Олардың бітімгершілік операцияларына қатысуы Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамасына және бекітілген халықаралық шарттарына сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасы Парламентінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Бөлінген контингентті жеке құраммен жасақтау ерікті негізде жүргізіледі.

Бөлінген контингент бітімгершілік операциясы барысында мынадай міндеттерді орындауы мүмкін:

халықаралық қоғамдастық қабылдаған санкцияларды орындауды қамтамасыз ету мақсатында жанжал ауданын қоршау;

жанжалдасушы тараптардың қарулы топтарын ажырату және оларды қарусыздандыру;

атысты тоқтату, бейбітшілік орнату және әскери іс-қимылдардың қайта туындауын болдырмау режимін қамтамасыз ету;

жергілікті жерді минадан тазарту, фортификациялық құрылыстар мен жаппай қырып-жою қаруын қолдану зардаптарын жою;
жауынгерлік техниканы, қаруды, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды құқыққа қарсы тасымалдауға, әкелуге және әкетуге бақылау мен оның жолын кесу;
жергілікті жерді және бөлу аймағындағы халықтың іс-қимылын бақылау, тәртіпсіздіктерге қарсы іс-қимыл жасау;
жергілікті билік органдарына (құқық қорғау органдарына) құқық тәртібін қолдауда жәрдем ету, бұрынғы тұрған жеріне қайтып оралған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
ізгілік көмек жүктерін күзету және ілесіп жүру;
жанжалды реттеу жөніндегі келіссөздер үшін ресми кездесулердің қауіпсіздігін және бітімгершілік миссиялар персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6. Қорытынды

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің қорғаныстың бағыттылығын айқындайды, Қазақстанның кез келген мемлекетаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешудің әскери емес шараларына принциптік бейілділігін растайды.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі және өңірдегі әскери-саяси жағдайдың өзгерулері, әскери қатерлердің сипаты мен мазмұны, мемлекеттің әскери ұйымдарының даму бағыттары ескеріле отырып нақтыланатын және толықтырылатын, Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларында, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерде, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың бағдарламалық құжаттарында нақтыланатын болады.

Қазақстан Республикасы өзінің халықаралық қауіпсіздікті және жалпыға ортақ бейбітшілікті қолдау, әскери жанжалдарды болдырмау мақсаттарына бейілділігін растайды.